



ЖАСТАР ЖЫЛЫ САЛТАНATПЕН АШЫЛДЫ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 4000-нан астам студенті мен магистранты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атауымен өткен Жастар жылының салтанатты ашылуын тікелей эфирде тамашалады. Онлайн көрсетілім университеттің барлық факультеттері мен мәжіліс залдарында ұйымдастырылды.

Президенттің айтуынша, жастар өз тарихын білуі және мақтан тұтуы қажет. Бүгінгі жас ұрпақ өз елін жоғары биіктерге жеткізе алады деген нық сенім білдірген Елбасы «Қазақстанның болашағын жастарға сеніп тапсыруға болады деп ойлаймын. Біз текке жұмыс істеген жоқпыз. Біз дұрыс ұрпақты тәрбиелей алдық деген сенімдемін. Еліміздің болашағы үшін алаңдамаймыз. Сендер Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына шығара аласыздар», - деп атап көрсетті. Талантты жастар үшін зор мүмкіндіктерге жол ашыларына «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты Жастар форумы тағы бір дәлелдегендей. Президент өз сөзінде жастарды қолдауға арналған шараларды толықтай қамтитын шаралардың ауқымды платформасын қалыптастыру қажеттігін айтқан болатын. Ал бүгінгі форум жастар бас қосқан ашық идеялар алаңы боп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашар, талантын шыңдап, жетістікке жетем деген жастар үшін мотивация болғаны айқын.

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген Елбасы атап өткендей, терең білім мен ақыл-ойды қару еткен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студент жастары үшін де Жастар жылы жасампаз істермен дәлелдер мерейлі жыл болмақ.

СТУДЕНЧЕСТВО – ПЕРЕДОВАЯ ЧАСТЬ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Свыше 4000 студентов и магистрантов Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова стали свидетелями открытия Президентом страны Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым Года молодежи в Казахстане. Прямая трансляция с участием Главы государства на торжественной церемонии в павильоне «НурАлем» выставочного центра ЕХРО 2017 в г.Астане - в он-лайн режиме была организована на всех факультетах в актовом и конференц-залах университета.

Студенчество и молодежь вуза с большим интересом и пониманием встретили инициативу Лидера нации по активному привлечению казахстанской молодежи к проводимым в стране преобразованиям. Год молодежи должен стать кульминацией многогранной масштабной работы, проделанной под руководством Главы государства в сфере модернизации и повышении конкурентоспособности казахстанского общества.

Коллектив Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова - вуза с вековой историей, принимает самое непосредственное участие в подготовке и воспитании поколения людей новой формации.



62-ші «Денсаулық» спартакиадасы

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында дәстүрлі 62-ші «Денсаулық» спартакиадасы өтті.

Жалғасы 3-бетте.



Получили сертификаты по программе

«Проектный менеджмент»



В Западно-Казахстанском государственном университете им. М.Утемисова в рамках повышения качества системы высшего образования сотрудники и преподаватели вуза прошли обучение и получили сертификаты по программе «Проектный менеджмент».

Тренинг, построенный на основании руководства «PMI PMBOKGuide (Свод знаний по управлению проектами Института управления проектами США)», освещающим все области знаний по управлению проектами по развитию личной эффективности, эмоционального лидерства, навыков управления проектами и менеджмента высшего образования, провела Компания Digital Academy.

Были изучены 28 ключевых компетенций проектного менеджера по трем основным направлениям: Стратегия, Люди и Практика. По итогу тренинга были вручены сертификаты, и как признаются сами слушатели, у них значительно расширилось понимание принципов управления проектами даже у опытных руководителей, а новичкам дан основательный фундамент в дальнейшей работе над проектами. По словам организаторов, данный курс готовился в течение пяти месяцев, и сегодняшние его участники могут пройти международную сертификацию. Тренер курса Иван Чубисов, опытный практик, имеющий степень магистра в управлении проектами (г.Киев) и международный диплом Cambridge IE (Великобритания) в управлении проектами, действующий ассессор КАУП, Delta IPMA, выразил готовность сопровождать профессиональное становление и развитие новоиспеченных менеджеров. Классические базовые знания по данному проектному менеджменту – основа развития современного университета.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалатынын айтқан болатын. Осыған орай университет аясында барлық факультеттерде «100 оқулық» бағдарламасы бойынша апталық өткізілді. Апталық тарих, экономика және құқық факультетінің дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ұйымдастырумен өткізілді.

«100 оқулық»

бағдарламасы аясындағы апталық

Апталықтың алғашқы аптасы тарих, экономика және құқық факультетінде басталды. «Жылжымалы көрме: 18 оқулық» презентациясы ұйымдастырылды. Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент А.Ш. Жұрасова, оқытушы Ж. Калиева студенттерге кітаптардың қысқаша мазмұнын баяндап берді. Көрме барысында 1-4 курс студенттері қазақ тіліне аударылған 18 жаңа оқулықпен таныстырылды.

«100 оқулық» бағдарламасы апталық аясында «Мен не білемін?» атты интеллектуальдық ойын өткізілді. Кафедра оқытушылары аға оқытушы Б.М.Мырзабаева, ф.ғ.к., доцент К.М.Науанова, аға оқытушы Г.Н.Есеева, оқытушылар М.Б.Гайсина, Н.Н.Майманова интеллектуальдық ойынның бағдарламасын дайындап, қазақ тіліне аударылған жаңа кітаптардан сұрақтар әзірледі. Ойынға тарих, экономика және құқық факультетінің әр кафедрасынан дайындалған 5 команда қатысты.

Студенттерге қазақ тілінен аударылған 18 оқулықтан философия, дінтану, әлеуметтану, экономика бойынша сұрақтар қойылды. Ойын қорытындысы бойынша 1 орынды «Альтаир» тобы, 2 орынды «Ақжайық жастары» иеленді.

Апталықтың соңғы күні «100 оқулық» бағдарламасы бойынша апталық аясында кафедраның аға оқытушысы Б.С.Боранбаева, оқытушылар Ж.А.Калиева, Н.Н.Майманова, Ж.К.Алдияровтың ұйымдастыруымен «Қоғамдық сананың жаңғыруы: гуманитарлық білімнің сапалы жаңаруы» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді. Модератор – Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент А.Ш.Жұрасова.

Дөңгелек үстел барысында Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының «Қоғаммен байланыс және көпшілік жұмыс» секторының жетекшісі Нуфтуллина Аягул Рухоллақызы «Студент жастардың білім сапасын арттырудағы электронды оқулықтардың маңызы» атты, «Халықаралық қатынастар» мамандығы 2-курс студенті Аяпберген Айнура «Гуманитарлық ғылымдардың таңдаулы оқулықтарының өзектілігі» атты, «Тарих» мамандығының 3 курс студенті Есенова Наргиз «100 новых учебников: важный проект воплощается в жизнь» атты, «Менеджмент» мамандығының 3 курс студенті Сайлауов Аслан «Төртінші индустриялық революция» атты, СПС-21 тобының студенті Оспанова Аида «Философия пәні бойынша оқулыққа қысқаша шолу» атты, «Әлеуметтану» мамандығының 1 курс студенті Қайыржанова Назерке – «Дінтану курсы және жаңа оқулықтар» атты, «Әлеуметтану» мамандығының 3 курс студенті Батырханқызы Айкөркем

«Гуманитарлық білім берудегі «Әлеуметтану негіздері» оқулығының маңызы» атты баяндамалар оқыды.

Сонымен қатар апталық аясында факультетте «18 оқулық» жазба жұмыстар конкурсы (эсселер) ұйымдастырылды. Факультет бойынша барлығы 22 жұмыс қабылданды. Жеңімпаздарды анықтайтын арнайы комиссия құрамында аталмыш кафедраның доценті ф.ғ.к., Г.Б. Мулдашева, аға оқытушы, т.ғ.к., Боранбаева Б.С., аға оқытушы т.ғ.к., С.М. Гиззатов, оқытушылар Ж. А. Калиева, Ж.К. Алдияров болды. Комиссия шешімі бойынша жүлделі 1 орынды «Аймақтану» мамандығының 1 курс студенті Джаумытбаева А.К., 2 орынды Есеп және аудит мамандығының 3 курс студенті Х. Қойланова және Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс студенті А. Даулеткалиева, 3 орынды Құқықтану мамандығының 1 курс студенті А.Тапаева және Есеп және аудит мамандығының 2 курс студенті Г. Есетова иеленді.

Бұл апталық Мәдениет және өнер, филология, жаратылыстану-география, педагогика және физика-математика факультеттерінде жалғасын тапты.

Апталықтың алғашқы екі күнінде барлық факультеттерде дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы Ғылыми кітапханамен бірігіп жылжымалы көрме ұйымдастырып, жаңа оқулықтар бойынша таныстырылым жасады. Апталық аясында студенттердің, кітапханашылардың, жас ғалымдардың, профессорлық-оқытушылық құрамның қатысуымен брейн-ринг интеллектуальдық ойыны, дөңгелек үстел, эсселер конкурсы өткізілді. Факультеттер арасында өткен көрме барысында Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Н.У.Кулдашева факультет студенттеріне психология, әлеуметтік педагогика бағытындағы оқулықтарды таныстырып, оқып шығуға кеңес берді. Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4 курс студенті Ж.Утебаева Э.Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз» оқулығын талдап, өзінің ойымен бөлісті. Физика-математика факультетінде Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушылары К.М.Науанова, Т.Т.Шайхив, Н.Н.Майманова кітаптарды таныстырса, филология факультетінде «100 оқулық жобасы» тақырыбында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың музейінде айтыскер ақын, университетіміздің түлегі Талғат Мықимен кездесу ұйымдастырылып, кездесу барысында магистр, аға оқытушы Г.Г.Тұрғаналиева студенттерге «100 оқулық» жобасы бойынша түсіндірме жұмыстарын өткізді.

«Маған қажетті 18 оқулық» тақырыбындағы эсселер

байқауында педагогика факультетінде 30 дан астам эссе жұмыстары қабылданып, жүлделі орындар анықталды. Ең үздік деп танылған 3 орынға: I орын – «Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті Мухамбетжанова Назерке, II орын «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс студенті Утебаева Жанель және III орын «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1 курс студенті Кашиева Нурсулу иеленді. Эссе байқауын филология факультетінің белсенді студенттері А.Сагиева, Б.Салаватов, А.Қуанышева ұйымдастырды. Эссе жарысына 15 студент қатынасты. Үздік эсселер анықталып, жүлделі орындар белгіленді. Эссе жазу барысында студенттеріміздің ой ұшқырлығы, оқулықтар туралы терең білімдері айқындалды.

«Брейн-ринг» интеллектуальдық ойыны барысында педагогика факультеті бойынша 5 команда, Мәдениет және өнер факультеті бойынша 4 команда, физика-математика факультеті бойынша 3 команда қатысты. Мәдениет және өнер факультетінде өткен ойын қорытындысы бойынша «Рухты жастар» командасы алғырлығымен көзге түсіп, 1-орынды иеленді. Педагогика факультеті бойынша ойын нәтижесінде I орын «Ақиқат жастары» тобы, II орынды «ПиП-11» тобы, III орынды «ПимНО-11» тобы өз қанжығаларына байлады. Физика-математика факультеті бойынша ойынға белсенді атсалысқан Мақсат Айәділ, Бақтыгерейқызы Аселхан, Базаров Мейірбек үздік деп танылды. Физика-математика және филология факультетінде өткен интеллектуальдық ойын өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық командалар белсенді қатысты. Филология факультетінде өткен интеллектуальды сайысқа төрт команда қатынасты. Өздерінің белсенділігімен, білімділігімен оза шауып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттері 1-орынды иеленді.

«Қоғамдық сананың жаңғыруы: гуманитарлық білімнің сапалы жаңаруы» тақырыбындағы дөңгелек үстел аталмыш факультеттерде ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел апталықты қорытындылаумен жалғасып, жүлделі орындар марапатталды. Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы, «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 3 курс студенті Н.Садиков, «Әлеуметтану» мамандығының 3-курс студенті Кенжетайқызы Ажар, «Кітапхана ісі» мамандығының 2 курс студенті Қибатова Гулзинат баяндама жасады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистр-оқытушы Ж.Қ.Сапарованың ұйымдастыруымен «18 оқулық» атты дөңгелек үстел оздырылды. Дөңгелек үстел барысында т.ғ.к., доцент С.М.Гиззатов, А.О.Рахымғалиева, Г.Ө.Еркеғалиева сынды оқытушылар мен Ж.Автаева, т.б. студенттер баяндама оқыды. Баяндамаларды оқу барысында сұрақтар қойылып, қызу талқыланды. Дөңгелек үстелден соң апталық қорытындыланып, барлық қатысушылар мен жеңімпаздарға диплом, бағалы сыйлықтар (БҚМУ пакеті, футболка, кепка) табысталды.

Айлық барысында тарих, экономика және құқық, филология, физика-математика факультеттері үлкен белсенділік танытты. Айлық барысындағы студенттердің белсенділігі оларға рухани толығу әкеліп, үлкен ой салды деген тұжырым жасауға әкелді.

К.М. НАУАНОВА,
ДТ және ӘСП кафедрасының доценті, ф.ғ.к.,
М.Б. ГАЙСИНА,
оқытушы



(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

Спартакиадаға қатысушы 9 команда бірнеше спорттық жарыс бойынша сынға түсті. Волейбол, шахмат, дойбы, теннис, футбол, асық ату, дартс, эстафета, арқан тарту түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Шараның салтанатты ашылуында сөз сөйлеген университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы университетімізде дәстүрлі түрде өтетін «Денсаулық» спартакиадасының университет тарихындағы орны ерекше екенін атап өтті. «Халық денсаулығының кілті – салауатты өмір салтында», «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деген Елбасы Жолдауына тоқталған университет ректоры денсаулықты нығайту мен салауатты өмір салтын насихаттауда спорттық шаралардың маңызы зор, осындай дәстүрге айналған спорттық жарыстардың жыл сайын жалғасын тауып, оған ардагер ұстаздардың, ғалымдар

62-ші «Денсаулық» спартакиадасы



мен оқытушылардың, қызметкерлердің бірге қатысуы жас ұрпаққа зор үлгі екендігін атап өтті. Ардагер ұстаз Мерует Жолдықайырова осындай дәстүрлі түрде өтетін спорттық шараларға университет ұжымы белсенді қатысу керектігін, спортпен айналысу денсаулық кепілі

екендігін айтып өтіп, биыл 62-ші рет өткізіліп отырған университет тарихындағы маңызды шара спартакиада қатысушыларына жүрекжарды тілегін жолдады.

4 күнге созылған спартакиада ойындарының қатысушылары шексіз позитив пен жұмысқа деген

құлшыныс алды. Нәтижесінде әр түрлі сайыстар бойынша жүлдегерлер анықталды. Бас жүлдені университет өкімшілігі қанжығасына байласа, 2-3- орындар жаратылыстану-география және педагогика факультеттеріне бұйырды.

«САН МЕН САПАНЫ ЕҢБЕКПЕН ҰШТАСТЫР X²»

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 28 қаңтар күні «Сан мен сапаны еңбекпен ұштастыр» атты жоғары оқу орындары арасында қаланы қардан тазарту челленджін бастады.

Университеттің 100 шақты студенті коммуналдық сала қызметкерлеріне көмек көрсету мақсатымен қолдарына күрек алды. Студенттер үш топқа бөлініп, Пугачев көшесінен Дина Нұрпейісова көшесіне дейінгі Достық-Дружба даңғылы бойындағы қарды тазалады.


– Елбасы Н.Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылуында жастарды еңбек етуге шақырды және еңбектің сапалы болуын талап етті. Осы орайда

университеттің жастар ісі жөніндегі комитеті студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану, жастарды игі іске жұмылдыру, қаланың көркеюіне атсалысу, еңбек етуге тәрбиелеу мақсатында челлендж бастап, қар тазалауға көмектескеніміз жөн деп санадық. Өйткені биылғы түскен ұлпа жылдағыдан көп және екі ауысыммен тазалағанның өзінде тазалықшыларға салмақ түсіруде, – дейді университеттің жастар ісі жөніндегі комитетінің жетекшісі

Жанбота Ешимова.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері өздері бастаған челленджді «Сан мен сапаны еңбекпен ұштастыр X²» форматында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне жолдады. Енді БҚАТУ-лықтар студенттерді екі есе жұмылдырып, тазалау аймағын да арттыруы керек.

Челлендждің ерекшелігі осы – кезекті оқу орны челленджді жолдаған оқу орнынан қатысқан студенттер саны мен тазартқан аймағынан екі есе көрсеткішпен челленджді орындап, кезекті оқу орнына жолдайды.



Тәжірибе алар – мол сапар...

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді». Иә, Елбасымыздың осылай білім жолына баса зер сала отырып, біз секілді ізденімпаз жалынды жастарымызды қашанда қолдайтынын әр жолдауларында ашып айтқан. Университет қабырғасында жүріп, тек қана білім ала қоймай, сонымен бірге өз білімімізді дамытып, көп ізденістермен айналыса отырып, ғылыми конференцияларға да ат салысып келеміз. Солардың бірі де бірегейі Қарағанды қаласы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 2018 жылы 7-8 желтоқсанда өткен «Қазақстан – Менің Отаным» атты ҮІ Республикалық студенттік ғылыми – тәжірибелік конференцияға қатысып, жүлделі ІІІ орынмен оралдық. Бұл сапар бізге сәтті сапар болды.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде сыйлы қонақ ретінде сөз сөйлеп, Ақ Жайық жастарының білім, ғылым жолында жасап жатқан жұмыстарын таныстырып, университетіміздің деңгейін көрсеттік. 07.12.2018ж күні өткен аталмыш конференциясында «Қазақстанның қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері» бағыты бойынша өз бағымызды сынадық. Түрлі идеялар мен ұсыныстарды ортаға талқыға салып, ойымызды айқын жеткізе алдық деп санаймыз. Жарыс соңында арнаулы сертификат табысталып қатысушымыздың бірі Тарих, экономика және құқық факультетінің ІҮ кур студенті Сертаева Гүлжан Орынғалиқызы ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Конференцияның 2-күнінде тарихы бай Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мұражайымен тереңірек таныстық. Зерттеу барысында көптеген тарихи оқиғалардың ізімен сақталған және жинақталған фото шежіреге ерекше назар аудардық. Бұл конференция бізге үлкен рухани тебіреністі тудырды. Болашаққа жаңаша көзқарасымыз бен бірге Қазақстанның үздік оқу орындарының ғылыми белсенді студенттерімен тәжірибе алмастық. Аталған университеттің тарихы

ғалымдарының тың әрі ой салар өзекті әңгімелерін жадымызға түйіп, өзіміз секілді ғылым жолын серік қылған әр түкпірден келген жас буын студенттерімен де достық жібін жалғадық. Осындай түрлі конференциялық жарыстарға қатыстырып, қол ұшын созып, бар білімін біздер үшін аямайтын жетекшіміз Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызына алғысымыз шексіз. Біздің жетістігіміз – жетекші жетістігі. Студент үшін – ізденісте жүру, өзінің алған білімін ортаға салып, өзгелермен бөлісе білу, түрлі пікірлерді ой таразысынан өткізіп, оны болашақта іске асыру басты шыңға жеткен, үлкен жетістіктерінің бірі. Тек қана бір ортада қалып қоймай, жан жақты даму, ғылыми білім жолына түсу, тұлғалы азамат, азаматша болып жетілу, қазіргі таңда нарықтың білім бәсекесін игеру заманауи қоғам талабы болып отыр.

Айгеркем БАЙТҰРСЫНОВА,
ІІІ-41 тобы студенті



ЖАҢА ЖОБАНЫҢ ОҚУЛЫҒЫМЕН ТАНЫСУ

Қазіргі таңда Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының алғашқы 18 оқулығы толықтай аударылып, жарыққа шығарылды. Әлемнің ең үздік авторларының еңбегінен жинақталып, қазақ тіліне аударылған бұл оқулықтар ұстаздарға, студенттер қауымы мен ғылыми ізденушілерге және көпшілік оқырманға арналған. Жоба мақсаты – жастарды дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуына үлкен мүмкіндіктер туғызу. Ендігі міндет – осы оқулықтардың білім алушылар арасында толықтай игеріліп, меңгерілуі үшін оқу орындарында таныстыру шараларын ұйымдастыру.

Бұл шара бойынша тарих, экономика және құқық факультетінің аға оқытушысы Янтурсина Зульфара Юмагазиевнаның ұйымдастыруымен «экономика және менеджмент» кафедрасының 2 курс студенттері мен оқытушылары арасында дөңгелек үстел оздырылды. Жиында 18 кітаптың бірі - «Экономика» оқулығы талданды. Алдымен, сөз кезегі шараға қатысушы қонағымыз - №2 жаратылыстану ғылыми оқу залының кітапханашысы Ихсанова Алмагуль Азаматовнаға берілді. Сөз барысында кітапханашы «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының қоғамға пайдасы мен маңызы жайлы, алда атқарылатын міндеттер мен жастар арасында осы оқулықтар бойынша өткізілетін түсіндірме жұмыстары жөнінде атап өтті. Ал, шара ұйымдастырушысы Зульфара Юмагазиевна «Экономика» оқулығының негізгі қарастырылатын тақырыптары мен оқулық авторларының маңызды ой-тұжырымдамаларымен бөлісті. Әлемнің 25 тіліне аударылған осы оқулық жөніндегі қажетті ақпараттар

шағын бейнероликпен көрсетілді. Кейін студенттер бұл оқулықтың әр бөліміне жеке тоқталып, әртүрлі елдердің экономикалық даму процесін көрнекі мысалдармен, тарау соңындағы жаңалықтарымен түсіндірді. Жиын соңында факультеттің кафедра оқытушылары алған әсерлерімен бөлісіп, оқулық жөніндегі жеке пікірлерін айтты.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің жаһандық дамуы мақсатында жастарды қолдап, ел болашағын жастармен байланыстырып келеді. Бүгінде Елбасының жүргізген сындарлы саясаты мен экономикалық даму стратегиялары арқасында еліміз көптеген жетістіктерге жетіп, әлем мойындаған мемлекетке айналды. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы да жастардың жаһандық бәсекеге бейімделген мамандарды даярлауда зор үлесін қосады. Бұл алдағы уақыттың жемісі!

Альбина ЕЛЕУСИНОВА
«Тарих, экономика және құқық» факультеті,
«Экономика» мамандығының 2-курс студенті



Тәуелсіздік – баға жетпес байлық

Қанша қан төгілсе де, қаншама жан пίδα болып, қанша тарлан мерт болса да, байырғы бабамыз «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман ширегін тәуекелге берсе де, бәрі-бәрі кейінгі жас буын, жер мұрагерлері үшін ғана су кешіп, отқа жанған. Аманатқа берілген, мүмкін, қуанышқа қанық, мүмкін, берекеге толы өмірін кіндік жері мен өртеген намыс мүддесі жолында құрдымға берді. Қара жер көтермес қайғының жарасын, орасан зор күткен үмітімен ғана жамағандай боп отырды. Қантөгіс пен жанберістен алақанымызға алмасқан сүттен ақ, судан таза тегіміздің арманы, сан ғасырлар бұрынғы көшпенділердің, қазіргі қазақ қауымының дербес «қағанат» құруымен аяқталды.

Солайша, келер күнге арман артқан дархан дала елі әлем назарын тез арада өзіне аудартып та үлгерді.

Ел басына күн туғанда, қаһармандар қарап қалған ба? Арада қанша уақыт зымырады. Қаралы күннің қайғысы алыстап, жарасының орны жазылып, зардабы ұмыт болды. Сан ғасыр қол жетпей, жылт етсе алыстағы сағым көрінетін, бейбіт көк ту аясында уайымсыз, қорқынышсыз баянды ғұмыр кешудеміз. Қорғансыздың күнін кешкен, арайлы атар таңның тор ішінде қамаулы құс сынды қайраны жоқтықтан қарсы алған момын қазақтың тіршілік көрінісі, қаһармандарды алаңсыз қалдырмады. Ғұмырының қыл үстінде тұрып, жаңа атқан жас бүршіктей қыршынынан қиылатынын біле тұра, тәуекелге барды. Жас – кәрісіне қарамастан, адам жанын жалмап алатын қанды алаңға кім үшін, не себепті өз еріктерімен барды? Көп толғануды қажет етпейтін бұл сауалдың бір ғана жауабы бар: келешекте мерейі асып-тасқан, қасиетті мекенді, бостандық бесігі әр күні әлдиінде тербетсін деген зор үміт. Тал шыбықтай жас буын тектілігін айқын көрсетіп, теңдік пен әділдікті арман – сыңар қылғаны ғана, күрес пен ереуілге шығуға мәжбүр еткен.

Қазақ қауымы бас бостандығының жолында бозтайлақтарын, елі үшін еңіреген ерлерін құрбандық секілді, жоғалтып алып отырды. Әділет пен құқық іспеттес асыл қасиеттерден жұрдай қантөгерлер қазақ жұртының бейбітшілігіне құрық салып, бөгеп отырды. Бұл мезетте кеудені: жағдайы мүшкіл халықты, тәуелсіздік шыңына кім жетектеді? – деген сұрақ бей – жай қалдырмас.

Ежелгі дәуірде ел – керуенін даңқты дарын иелері жетелесе, кейінгіде тек елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған берік саясаты арқылы жыл сайын биікке ұмтылудамыз. «Ынтымақтың түбі - игілік» - деп, дана халқым бекерге айтпаса керек, тәуелсіз мемлекет атануымыздың түп қайнары ауызбіршілігімізде емес пе? Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ жердің кеудесіне қоныс тепкен менің елім, көршілес шет елдерден асып түспесе, кем түскен емес. Азияның құнарлы-жазық жер алабына күмбез көтеріп, жерұйық көріп жайланған Қазақ еліне біреулер қызығып, біреулер үлгі алумен бой түземей ме? Қазақ жұртшылығына басқасынан орны мен маңызы биік дәуірдің арайлы таңы, 1991 жылдың 16 желтоқсан жұлдызы жаңа тарихының алтын босағасы болды.

Дәуірлер бойы қасықтап жиған бірлігі, айрандай ұйып, дос-бауыр өзегі бір-бірімен өріліп жатқан, ашық аспан бостан елді паналаған халықпыз. «Аманатқа қиянат жоқ»-демекші, қолда бар қазынаны қастерлеп, тарихымызды ұлықтау – тәуелсіздігімізді асқақтата түспек. Ата-баба аңсаған Мәңгілік Ел бұқарасына ел көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында: «...Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін»-деп, думаны мен сені үйлесім тапқан еліне үлкен үміт артты.

Ғасырлар тоғысында өмір сүріп жатқан біздерге, осы ғасырдың өркендеуін көру бақыты бұйырыпты. ҚР-ның іргесі жаңа қашалған Конституциясының қабылдануы тәуелсіздігіміздің аса биік саяси белесі болды. Ата заңымызбен қоса халықаралық алаңдағы алғашқы басты оқиға Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Семей ядролық полигонын жабу және ядролық қару-жарақтан бас тарту болды. Әлем нарығының қақпасы ашылып, күрт еліміздің экономикалық деңгейінің шарықтауы-үздік жетілу қарқыны деп аталды. Жеріміздің баурайында топырақпен қымтаулы жатқан қазба-байлықтарымыз, Ұлы өлкені пана қылған ұлт өкілдерінің бірлігі, нұрлы жолымыздағы өлшеусіз ширек ғасырлық маңдай теріміздің қорытындысы Республикамыздың гүлденуі шетелдік зерттеушілерді таңдай қақтырды.

Тәуелсіздік шыңы бізге оңай мойын ұсынған жоқ. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың қайталанбас тірегі-тәуелсіздік.

Азуза НАСИМУЛЛИНА,
12 ЖОББМ 11-сынып оқушысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ – рухани жаңғырудың басты негіздерінің бірі

Ұлан байтақ ұлы даламызда киелі жерлеріміздің саны шексіз. Елбасымыздың мақаласына дейін бұл орындар саналынып, әр-түрлі топтарға бөлінбеген еді. Туған жердің тарихынан сыр шертер бұл киелі орындардың бірін білсек, бірін білмедік. Міне бұл жоба еліміздегі киелі жерлерді зерттеп, халқымызға мазмұнды мағлұмат алуға мүмкіндік берген бірден-бір жоба болмақ. Мыңжылдық тарихымызда елбасымыздың алғаш рет ауқымды жобаны жасауы және оны біздің жүзеге асыруымыз – рухани жаңғыруымыздың басты негіздері болмақ.

Призедент тапсырмасымен осы жоба негізінде «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындарының 100 нысанының тізімі» ұсынылды. Оған Қазақстанның табиғи-ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар, тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындар енген.

Батыс Қазақстан облысы бойынша «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санаты бойынша «Жайық қалашығы, тарихи оқиғаларға байланысты 15 орынның қатарында «Бөкей Ордасы» тарихи кешені енді. Сонымен қатар жалпыұлттық маңызы бар қасиетті 100 орыннан басқа, жергілікті маңызы бар 500 нысанның тізімі жасалды. Алғашында Батыс Қазақстан облысы бойынша 100 нысанның қатарына жоғарыда аталған 2 нысан ғана болды. Кейіннен «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы мамандары облыстағы тарихи және табиғи кешендерді аралап, нәтижесінде Ақжайық өңірінен ұлы дала ұлықтайтын киелі орындардың саны 6-ға жетті. Соңғы қосылған 4 нысанның қатарында Тақсайқорған кешені б.з.д. VI-V ғ., Жұмағазы хазірет (XIX ғ.) Ғұмар Қараш зираты, Жымпиты-Күнбатыс Алашорда астанасы бар.

Қараша айының 15-ші және 22-жұлдызында Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:

Туған жерімізге деген сүйіспеншілік – туған елге деген патриоттық сезімнің бастауы. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласын бүгінгі күнде білмейтін жан кемде-кем. Алайда, мақалада көрсетілген айтулы ойларды оқып қана қоймай, жүзеге асыру – біздің міндетіміз. Мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталатын екінші бөлімінде бірқатар жобалардың тізімі жарияланған болатын. Бұл жобалардың бірі - «Туған жер» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.



рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізінде «Туған жер» бағдарламасы аясында университетіміздің Жаратылыстану-география факультетінің 1-2 курс студенттері арасында «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» деген атаумен 2 кезеңнен тұратын зияткерлік ойын өтті. «География» мамандығының 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен өткен зияткерлік ойынның мақсаты: ұлттық бірлікті сақтау,

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму бағыттары, «Туған жер», «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» жобасын жүзеге асыру. Сайыстың I турында сұрақтар республика көлемінде болды. Бұл турға 1-2 курс студенттерінен тұратын 6 топ қатысты. I тур «Зымыран сұрақтар», «Өлкеге саяхат», «Алтын сандық», «Сандар сөйлейді» және «Әуенді тап» кезеңдерінен тұрды. Қызыққа толы өткен бұл турда өздерінің

білімділігімен ерекшеленіп «Шалқар», «Жерұйық» және «Сарыарқа» деп аталатын Г-11, Гео-11 топтарынан құралған студенттер келесі кезеңге өтті. Қараша айының 21-нде сайыстың тартысты II туры өтті. Бұл тур 3 кезеңнен тұрды.

Каhoot ойыны
Бейнелі сұрақ.

БҚО бойынша «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындарының 100 нысанының тізіміне» енген нысандарға презентация жасау.

Каhoot ойыны қатысушылар мен көрермендер үшін қызықты болды. Студенттер ұялы телефондарымен интернет желісін пайдалану арқылы сұрақтарға жауап беріп және автоматты түрде сұрақтарға дұрыс жауап беруіне қарай балл жинады. Бұл кезеңде «Шалқар» тобы шапшаңдығымен үздік нәтиже көрсетті. «Бейнелі сұрақтар» кезеңінде «География» кафедрасының оқытушыларымен дайындалған Батыс Қазақстан облысының экономикалық және физикалық жағдайларына, киелі орындарына байланысты бейнелі сұрақтар болды. Соңғы кезеңде үш топ «Жайық қалашығы», «Бөкей ордасы» және «Алашорда» музейі тақырыптарында презентациялық жобалар ұсынып, қорғады. Бұл сайысқа келген әрбір адамның рухани қуаттанып, киелі орындар туралы танымы кеңейді десем, артық айтпаспын! Сайыс жеңімпаздары еліміздің қала атаулары жазылған тәттілермен, карта суреті бейнеленген шыны ыдыстармен және I орынға ие болған топтағы Латиф Санжар, Еркембаев Қобылан кинотеатрға 2 тегін жолдама ұтып алды. Университетімізде еліміздің, халқымыздың рухани жаңғыруына бастау болар осындай шаралар саны көп болса, студенттеріміздің білімі мен танымының кеңеюіне мол мүмкіндік болары анық!

Сымбат ТҰРЛЫМАНОВА,
«География» мамандығының
1-курс магистранты



ДӘРІС АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

ЖОО-дағы дәріс – дидактикалық циклдың ең бастысы болып есептеледі. Дәріс-теориялық білім берілетін оқу сабақтарының негізі болып саналады. Дәрісте ғылыми білімдерді жүйеге келтіру, мәселенің мәнін ашу, нақты ғылымның қазіргі жағдайы мен даму перспективасы қарастырылып, студенттердің танымдық қызметі белсендіріледі (шығармашылық ойлау қалыптасады). Сол себепті өзіннің дәріс сабақтарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру мақсатында ақпаратты, проблемалы, «Екеуара дәріс», алдын-ала қателігі жоспарланған дәріс, пресс-конференция дәрістерін кеңінен қолданып келеміз.

«Педагогика», және «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндері бойынша мұндай дәрістерді қолдану әртүрлі сала бойынша болашақ мамандарды дайындап жүргендіктен бұл курстардың мақсаты мен рөлін, пәндер жүйесіндегі негіздерін таныстыруында септігін тигізеді. Себебі мен теориялық материалдарды болашақ мамандардың практикаларымен

ұштастыру маңызды орында деп есептеймін. Тілдің бай лексикалық-сөздік жүйесі оқытушының сөздік мәнеріндегі педагогикалық мәдениеттілігінің анық белгісі болып табылады. Сондықтан болашақ оқытушының (мұғалім) сөйлеу мәдениеті – сөз мәнеріне, шеберлігі, стилистикалық ойды нұсқаны таңдай білу, ойын анық және айқын жеткізе

білу дағдысын студенттерге түсіндіру қазіргі таңда басты мәселеге айналып отыр. Күнделікті дәрістерімде қолданып жүрген әдістер арқылы студенттер ғылыми білімдері мен қатар, өздерінің өмірлік және кәсіби тәжірибелерімен толықтай бөліседі. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы жұмыстану мұғалімнің басты міндеті. Сол себепті дәріс кезінде болашақ шығармашыл мұғалімдерді даярлау басты

мақсат болып отыр. Дәрісте шығармашылық бағытта тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Себебі жаңа формация мұғалімі-рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. «Мұғалімге тіл өзінің ойын жеткізу үшін ғана берілмеген, ол басқаның ойын ояту үшін беріледі» деген О.Ключевскийдің пікірін жалғастыратын болсам, болашақ мамандарды педагог қызметіне деген құлшынысын арттыру, бойындағы қабілеттерін дамытуда дәрісті жаңаша ұйымдастыра отырып баяндау студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға баулуға мүмкіндік береді.

Л.М. МАДЕНОВА,
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Бізді Самара университетінің студенттері жақсы қарсы алып, университетпен таныстыра қонақжайлық танытты. Жоба барысында Мәскеу, Саратов, Самара, Челябинсктен келген педагогтардың мастер-класстары, жобаға қатысып жатқан театрлардың қойылымдары, Самара қаласының М.Горкий атындағы драма театрының шығармашылық ұжымымен таныстық. Уақытымыз тек шығармашылық ізденістерге толы болды.

Фестиваль қатысушылары мен қонақтарына Разночинцева Марина Анатольевна сахналық қозғалыс бойынша мастер-класс өткізді. Мастер - класс М.А.Разночинцевтің «Актёрдің ойын кеңістігіндегі сахналық нысанамен жұмысы» әдісімен өткізілді. М.А.Разночинцева - пластикалық театр, сахналық қозғалыс және актерлік шеберлік саласындағы жетекші маман. Әр түрлі ұжымдардан әртістер, режиссерлер мен қонақтар жиналды. Барлық тілек білдірушілерді ортаға шақыра отырып, Марина Анатольевна былай деді: «Жүз рет көргеннен гөрі бір рет жұмыс істеген дұрыс». Мастер – класс көптеген тренингтер мен жаттығулардан тұрды. Қатысушылардың әңгімесінде Марина Анатольевна сахналық қозғалыстың қандай жазықтықтары бар екенін, өз денесін қалай жылытуға болатынын, бейтарап жағдай деген не және т.б. әдіс-тәсілдерді анықтап берді.

В.В.Белоусов - актер, режиссер, РФ мәдениетінің еңбек сіңірген қызметкері. Педагог В.В.Белоусовтың жетекшілігімен сахналық қозғалыс бойынша мастер - класс сәтті өтті. Бізге мастер - класс өте ұнады.Бұл күні біз жақсы әсер алдық. Тапсырмаларды орындау барысында біраз демалдық, бірақ жұмыс өте жемісті болды. Бұл біз үшін жағымды шаршау болды. Біз көп нәрсені ескердік және өз тобымызбен сабақтарда қайталап жүрміз.

«Студенттік театрлар» номинациясы аясында фестивальде Челябинск Н.Коляда «Старая зайчика», Пермь Л.Баффи «Бонобо», Самара Ф.Г.Лорка «Кровавая свадьба», Мәскеу С.Мрожек «В открытом море», Саратов А.Афанасьев «Аффект» т.б

Самара мемлекеттік өнер институтының кіші формадағы театрлардың Халықаралық Жастар спектакльдері «Театромагия» Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттігінің (Росмолодежь) қаржылық қолдауымен Жоғары білім беру ұйымдары арасында жастар жобаларының Бүкілресейлік байқауы аясында фестиваль жүзеге асырылды. Бұл фестивалде Орал қаласы атынан БҚМУ-нің Мәдениет және өнер факультетінің «Мұрагер» студенттік тетарының жетекшісі аға оқытушы, магистр Исакова И.И, режиссері Гатау Сағди Чеховтың «Қораптағы адам» қойылымымен өнер көрсетті.

«Мұрагер»

театрының тынысы



қойылымдарын ерекше атап өтуге болады. Көрермен ықыласына бөленген Самара қаласының өнер мемлекеттік университетінің студенттері қойған Ф.Г.Лорка «Кровавая свадьба» қойылымы көпшілікке ұнады. Ф. Г.Локидің поэтикалық трагедиясы - испан ақыны ең танымал драмалық туындысы.

Махаббат пен жек көрушілік, құмарлық және кек алу сезімін өртеу қақтығысы нәтижесінде жақын адамдардың өлімі мен азабына әкеледі. Адамның махаббатына бағынбаушылық, оның жауапсыздығы құмарлық пен қан кек билеуші мағынасыз әрекеттерге әкелетініне арқау болды.

«Қораптағы адам» қойылымы шығармашылық ұжымның импровизациясымен құрылған. Беликов нақтылық тітіркендіргіштерінен үнемі қорғана өмір сүрді. Беликов қазіргі кезеңге жиіркенішпен қарай отырып, бұрынғыны мақтады, ал өзі дәріс берген ежелгі тілдер қазіргі нақты өмірден жасыратын «қолшатыры» мен «галлошы» болды. Осы түсініксіз адам басқа адамдардың бойына да қорқыныш үйірді. «Қораптағы адам» әңгімесі арқылы автор қорқыныштың нақтылықтың алдында адамды ұшқырлай түсетіндігін айтқысы келді. Чехов барлық зиялы қауымға қысқа да нұсқа, сатиралық мінездеме береді. Режиссері - Гатау Сағди, суретші - Мурзағалиев Елжан, жарықпен көркемдеуші - Жолдығалиева Анар, музыкамен көркемдеуші - Жетісова Айзада. Режиссердің ой-тұжырымы, мақсат-мұраты ең алдымен актер ойыны арқылы ашылуы шарт. Рөлдерде Беликов – Гатау Сағди, Аванасий – Бимаганбетов Нұрболат, Варенька – Аскарова Айкөркем, Михаил – Жанатов Нұрдәулет, көпшілік сахнада - Өркен Ахмет, Ерболатова Айнура, Абуов Ержан.Сахнада ұжым тұтастығы болды, кейіпкерлер өз рөлдерін шынайы актерлік ойынмен ашуға тырысты.Студенттер автордың ойын терең түсініп, өз кейіпкер жанын барынша жинақы ашуға ұмтылып, актерлік шеберлігі қалыптасып келе жатқан жас талант иелері екенін көрсетті.

Бұл студенттік, Жас фестиваль және бұл оның басты артықшылығы. Бұл тірі, шынайы театр өнері. Осы кезекте студенттерге қолдау көрсетіп, үміт артқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, п.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиевке өнер саласы бойынша мамандарды дайындауда біліктілікті арттыруда, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуда, кәсіби жан – жақтылығын қамтамасыз етуге жанашыр болғаны үшін Мәдениет және Өнер факультеті атынан алғыс білдіреміз. Шәкірттеріңіз үміттеріңізді ақтай берсін! Жетістікке жете берейік!

А.Б.ЖОЛДЫГАЛИЕВА,
Режиссура мамандығының
2-курс студенті



Кездесу барысында студенттер өздерінің көкейіндегі сұрақтарына жауап

200 орынға уәде берді

Қаңтар айының 25 жұлдызында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ақтөбе қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы, ҚР Үкіметінің Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ж.М.Табылғановпен БҚО оқу орындарында білім алып жатқан Ақтөбе жастарымен кездесу өтті.

алып, ой - ұсыныстарымен бөлісті. Кездесуді қортындылай келе Ж.М.Табылғанов Батыс Қазақстан облысындағы Ақтөбелік 200 ге жуық студентті жаз мезгілінде «Жасыл ел» жастар еңбек жасағымен қамтамасыз етуге уәде берді. Ақтөбе қаласының

жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы мен БҚО жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы өзара келісімге келіп, меморандумға қол қойды. Меморандум аясында екі орталық арасында тәжірибе алмасу, біріккен іс-шаралар өткізу сынды келісімдер бар.



филология факультетінің 2018 жылғы түлегімін. 4 жыл бойы ұстаздарым берген біліммен бөлісейін деп, университет бітірісіммен, Шыңғырлау ауданына аттандым. «Жас маманға» жұмыс ауадай қажет екені белгілі. Іздегенге сұраған, Шыңғырлау колледжіне қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы керек дегенді естіп, жұмысқа қарай жол салдым. 1 қыркүйектен бастап, қызметіме кіріскеннен кейін, жас жеткіншектерге

Ауыл - ел бесігі

біліммен қоса, тағылымды тәрбие де қажет екендігін ойлап, қыз балаларға арналған ұйым ашуды қолға алдым. Білім ордасының басшысы ұсынысымды бірден қолдап, колледжімізде «Айша» қыздар клубы өз жұмысын бастады. Ұлттық ойындарымызды дәріптеу мақсатында, өзім қызыға ойнайтын тоғызқұмалақты шәкірттеріме де үйретуді бастадым. Қатысушылар саны артқан сайын команда жасақтап отырамын. Бүгінгі күні 15 тоғызқұмалақшы облыс көлеміндегі турнирлерде жеңімпаз атанып жүр. Балалардың оқуға ынтасын арттыру үшін аудандық кітапханамен тығыз байланыс орнаттық. Ұжымда жылы қабылдап, ортада сыйлы болуым 87 жылдық тарихы бар қара шаңырақтың берген тәрбиесінің арқасы деп білемін. Тіпті жұмысқа

орналасарда жарияланған конкурсқа барғанымда, бірнеше үміткердің ішінен «М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың түлегін қабылдаймыз. Себебі БҚМУ – уақытпен дәлелденген сапа» - деді.

Ендігі, Елбасымыз бастап берген 2019 – Жастар жылында, білікті жас маман ретінде өзімді озық қырымнан көруді мақсат еттім. Ауылда қызмет атқарып жатқаным еш өкінбеймін. Себебі бұл да Елбасының бізге қойған бір талабы. Ақын да, ғалым да, шен киген шенеунік те ауылдан шыққан. Олай болса, жастарды ауылға шақырамын. Бірге еңбек етейік, бірге жетістікке жетейік, бірге Қазақстанды көркейтейік!

Арна ЖОЛАМАНОВА,
Шыңғырлау колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні оқытушысы

«ЕҢ ҮЗДІК ОҚЫРМАН-2018»

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқырманы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Педагогика факультетінің 4-курс студенті Аманбаев Қуаныш Иратұлын «Ең үздік оқырман-2018» аталымымен марапаттады.



Біздің редакциялық ұжым да Сіздің жетістігіңізге қуана отырып, болашағыңызға сәттілік тілейді. Әрдайым биік белестерді бағындыруыңызға тілектеспіз. Үздік оқырманның – үздік түлек боларына сенеміз!

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор.

Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ
Қазақстан Республикасының Президенті



Ұлт жады

Рухани жаңғырудың жолы қайсы?

Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек.

Әбіш Кекілбаев,
классик жазушы

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес.

Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Жаңғыру ұғымының өзі – мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу.

Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді.

Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

Ағылшын тілін меңгеру – жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді.

Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды латын әліпбиімен басып шығара бастау.

Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар ауадай қажет. Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы

100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау. Сәйкесінше, 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастау.

Халқымызда «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтылмаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Демек, «Туған жер» бағдарламасын қолға алу.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты өншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Халықтың санасына аса маңызды жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол

үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобаларын қолға алу керек.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек.

Бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына назар аудару. Дау жоқ, бұл ретте жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Десек те, біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген тұжырымның байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек.

Ақылымен, дарынымен заманауи Қазақстанда жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Қазақстан Республикасы Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру» мақаласынан («Егемен Қазақстан»
газеті, №70, 12 сәуір 2017 ж., 1-2-б.б.)

«Ruhani jańgyru» - («Рухани жаңғыру») бетін
өзірлеген А.С.Қыдыршаев, «Рухани жаңғыру»
институтының директоры, п.ғ.д., профессор

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

В данной статье всесторонне обсуждены проблемы программной статьи Главы государства Назарбаева Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Основа духовной модернизации опирается на язык, литературу, историю и национальную культуру.

Ключевые слова: духовная модернизация, язык, литература, национальный код.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғам санасына жаңа сілкініс туғызып, мемлекет құраушы ұлттың көкейкесті мәселелерін көтеруімен аса құнды құжатқа айналып отыр. Бұл Мәңгілік ел идеясының сүйенер тірегі, ұлттық идеяның бастауы. Осы тұста күрделі сұрақ туындайды, рухани жаңғыру деген не?, нені жаңғыртамыз? Біз науқаншыл халықпыз ғой. Жыл аяғы есеп беру, есеп алу, жыл басы жоспарлау мәселесінде әңгіменің төркіні рухани жаңғыруға барып тіреліп жатыр. **Жаңғырамыз деп жамырап жүрген жоқпыз ба?** Тұтас ұлттың шаруасын дүрлігіп барып, басылатын кезекті науқаншылдық жұмысқа айналдырып жібермейміз бе? Жыл қорытындысын қарап отырсақ, біз материалдық дүние мен рухани дүниені ажырата алмай жүрген сияқтымыз. Меценаттар, қалталы азаматтар көпір, балабақша, мектеп, мешіт салып, ауыз су тартқызып жатыр деп ду-ду етеміз. Бұлар материалдық дүние, экономиканың жаңғыруы, өсуі, бәрі де ұлт игілігі үшін көңіл қуанатын нәрсе. Ұлттық буржуазияның қалыптасуы, қалталылардың халыққа бет бұруы. Дегенмен рухани дүние емес. Рухани дүние адам жанын, ішкі сарайын байытатын нәрсе. Біздің ұлтқа төн азығымен қатар, жан азығы керек.

Қазақстанда саяси және экономикалық жаңғырулар тәуелсіздік алған тұстан жоспарлы өтіп келеді. Ал рухани мәселе көлеңкеде қалды ма деген күдікті сөйлігіп, Елбасы рухани жаңғырудың басты қағидаларын, алдағы міндеттерді елеп-екшеп берді. Елбасы «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу», -деп атап көрсетті. Ұлттық код неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ ұлттық кодтың басты тірегі – тіл, әдебиет, тарих, ұлттық мәдениет, ата-баба дәстүрі. Уықты басқұр сақтаса, ұлтты дәстүр сақтаған. Бұлар қазақ қауымын әлемдік басқа ұлттардан ажыратып, өзіндік бет-бейнесі бар ұлт екенімізді көрсетіп тұрған негізгі атрибуттар. Осылар әлсіресе, бұзылса, сақталмаса, зерттелмесе ұлттық бейнеміз де бұлдырай бастайды.

XXI ғасырда жаһандануға жұтылып кетпеу үшін ана тіліміздің, **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ** әлеуеті, қызметі әлеуметтік өмірдің бар саласында өркендеуі қажет. Латын жазулы қазақ әліпбиін қабылдау егемендік жариялағанмен пара-пар дүние. Қазақ тілінің жаңғыруы. Жаңа емле-ережені қабылдауда тіліміздің ұлттық имунитетін ескере отырып, жұмыстану қажет. Елбасы жақында ғана «Үкімет пен Парламент өзінің жұмысын тек мемлекеттік тілде жүргізуі керек. Басқа азаматтарды, ешкімді рәжітпеу үшін оларға аудару керек», деп нақты тұжырым берді.

Біз «Мәңгілік елге» өз **ӘДЕБИЕТІМІЗБЕН**, Абайымызбен, Әуезовпен баруымыз керек. Кезінде А.Твардовский «Пушкинсіз барған коммунизмнен не үміт, не қайыр» деген еді. Сананы жаңғыртып, «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым» ойлап қою үшін Абайға жүгінейік. Қазақ әдебиетін жас ұрпақ, қазақ мектебінің өзі қандай дәрежеде оқып жатыр деген өзекті сұрақ туындайды. Ақпараттық заманда шығарма түгіл хат жазуды ұмытып барамыз. Сондықтан кітап оқу, қазақ әдебиетін оқу – жас ұрпақтың сүйікті ісі болмаққа керек. Ата-ана да, мұғалім де, қоғам да немқұрайлы болмай, бұл іске ашық санамен қарасақ, әрекеттенсек жөн.

Ұлттық мәдениеттің бір тірегі – **ҰЛТТЫҚ МУЗИКА**. Құрманғазының дауылпаз күйлері, Мұхиттың, Ақан серінің асқақ әндері.. Теледидарда дәстүрлі өн азайып, арзан күлкілі, сайқымазақ шоулар халықты шаршатқанын ескеру керек. Халықты ес-түссіз қызықтыратын шоудан гөрі тәрбиелік, танымдық шараны көбейтсек нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттық бірегейлікті сақтау үшін «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, барлық жоралғыларымыз. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз мәңгі қалуы тиіс», -деп Елбасы ашып айтты.

Тарихи дәуірлерден, ғасырлар қойнауынан нәр алып қалыптасқан **ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗ** бар елміз. Түрік ойшылы Зия Көкалыптың «мәдениет ұлттық категория, ал өркениет адамзаттық категория», - деген тұжырымдарының маңызы зор. Өркениет жетістіктерін басқа елдерден алып пайдалана береміз. Ал мәдениет ұлттық тамырдан бастау алатын дүние. Кобо Абэ «экономика және онымен байланыстының бәрі

де мәдениетке бағынышты» деген. Рухани, мәдени жаңғырусыз саяси және экономикалық реформаларда жетістікке жету қиын. Сондықтан да Елбасы «ұлттық код, ұлттық мәдениет болмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деп отыр. Біздің ұлттық мәдениетіміз, ұлттық дәстүрлеріміз тек қазақ ұлтының өмір сүру дағдысы. Тозығын тастап, озығын алу алып, Елбасының айтуынша, «озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышартына айналдыра білуіміз қажет».

Рухани жаңғырудың 6 бағытын айқын: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, еліміздің эволюциялық дамуы. Осы ұлы мақсаттар жолында ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, жұмыстану басты парыз әрі міндет. Ұлттық құндылық ғасырлар бойы жинақталған, ұлттық қалыптасу жолында сүзгіден өткен, этникалық қауымдастықтың өзіндік бет-аярын белгілейтін рухани идеялар. Ал бұларды ұрпаққа оқытатын **ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМДЕР**. Елбасы мақаласындағы «гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады» деп айтылған сөз ЖОО ұстаздарын қанаттандырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ЖОО-да гуманитарлық бағытта көптеген кафедралар ашылды. Дегенмен соңғы жылдарда жабылу үрдісі бар. Атап айтсақ көптеген ЖОО-да «қазақ әдебиеті» кафедралары жабылып «қазақ тілі» кафедраларымен біріктірілді. «Қазақ әдебиеті» кафедраларын қайта ашып, «Этнопеддагогика», «Этнопсихология» кафедраларын да қайта қолға алу керек. «Тәрбиесіз екен білім адамзаттың қас жауы» емес пе. Адам тәрбиелейтін әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді оқыту, гуманитарлық кафедраларды жандандыру ісіне мемлекет қолдау көрсетсе, нұрлы жолымыз мәңгілікке ұласатыны сөзсіз.

Рухани жаңғыру ұзаққа созылатын үдеріс. Тәуелсіздік алғанымызға 26 жыл болды. Бір ұрпақ өсіп қалыптасты. Қазақ жастар шетел асып, іс жүргізіп, дүниенің ғылым-білімін, тілін игеріп оқып жүр. Қуанарлық жай. Дегенмен осы ұрпақтың ішінде өз ана тілін білмейтін, рухани тамырдан қол үзген, туған елін сағынбайтын жандар бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл еліміздің, ұлттық саясаты мен педагогикасынан кеткен қателіктер. Осындай кемшіліктерді түзеу үшін, білім беру жүйемізді жаңғырту, жаңа оқу бағдарламаларын ұлттық негізде қалыптастыру көкейкесті мәселе. Жалпы рухани жаңғыруды қазақ қоғамында ХХ ғасырдың басында Алаш арыстары бастаған еді. Алаш ардақтылары қазаққа не керек екені жақсы білді. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш», Ж. Аймауытов «Психология», М.Жұмабаев «Педагогика» т.б. оқулықтар жазды. Елбасы ұсынып отырған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аса маңызды, ескіні еске алып, жаңғырту. Әлемдегі ең жақсы деп танылған 100 оқулықты қазақ тіліне аудару қолға алынауда. Тек осы кітаптар күллі қазақ қауымына түсінікті тілде, қазақ тілінің шұрайын сақтап аударылса деген тілек бар. Сонымен қатар отандық ғалымдарымыздың да оқулықтарын, оқу құралдарын, монографияларын сараптамадан өткізіп, мол тиражбен шығаруды қолға алуымыз керек. Ел болам деген ұлт өз жақсысын қадірлеуді үйренгені абзал. Қаныш Сатпаевтарды туған қазақтың құрсағынан талай ғұламалар өсіп-өнуде.

Сонымен қатар «жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында мәдени жетістіктерімізді БҰҰ-ның алты тілінде сөйлету өте маңызды. Бір мысал: РФ құрамындағы Саха Республикасында саха бауырлар үлкен істер істеп жатыр. Олонхаларын (эпостарын) ЮНЕСКО –ның «адамзаттық материалдық емес мұрасы» тізіміне кіргізіп, ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударуда. Жыл сайын ЮНЕСКО-ның қатысуымен «Ысаах» мейрамын тойлап, үлкен ғылыми конференциялар өткізуде. Олонхосустарын (жыршыларын) «ұлттық материалдық емес мәдени мұрасын сақтаушы» деп құрметтеп, степендия тағайындауда. Кішкентай ұлтқа үлкен қылыш емес, үлкен мәдениет керек деген осы. Ал біздің

400-ден астам эпостық жырларымыз да адамзаттың байлығы. Осындай жауһарларды әлем тілдерде сөйлетсек, тәрбиелік кинотуындылар жасасақ жаһандағы дербес ұлттық мәдениетіміз айқын көрінеді.

Күллі Қазақстан азаматы бірегей болсақ, біртұтастансақ құба-құп. «Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз: жат жанынан түңілсін, айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін», -деп Бұхар жырау айтқан сөзді Елбасы да айтып отыр. Ұлттық болмысты сақтай отырып, азаматтық бірегейлікке, яғни Қазақстанның бар азаматының елшілігіне, мемлекетшілдігіне қол жеткізу – басты мұрат. Тату елге-тыныштық пен тоқшылық нәсіп.

М.Қашқари былай дейді. «түркілер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз мақтаулы қасиетке ие». Бұл қасиеттер сөз жоқ қазаққа төн. Соңғы бодандық замандарда белбеуіміз босағанмен, осы аталған қасиеттердің шама-шарқымызша сақтап келеміз. Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы бабалардан жеткен ұлттық өмір сүру дағдысын сақтай отырып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіре отырып, заманауи білім-ғылымды игеріп, бәсеке қабілетті болып өркендеуіне бар жағдай жасалып отыр.

Революциялық емес, эволюциялық жолды таңдаған Қазақ елі **ТАРИХЫН** түгендеуді әлі де жалғастыра бермек. Ұлттық жаңғыруының басты себебі тарихтан тағылым алу, ақ пен қараны ажырата білу.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылы 11 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының да маңызы зор. Әсіресе адами капитал – жаңғыру негізі деп алдымызға көп міндеттер қойып отыр. «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету» қажет» -деп атап өтті. Білім беру ісі ұлттық рухани жаңғырумен үнемі сабатастықта жүргізілуі керек. Рухани жаңғыру бүгінгінің ісі, болашақтың алтын діңгегі. Рухани тамырдан қол үзбеген, ұлттық тілі мен мәдениетімен өмір сүріп, заманауи ғылым, білімді игерген **ТОЛЫҚ ҚАЗАҚ** қалыптастыру басты мақсат. Ұлы Абай «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» -деп жол көрсетті. Кемел ұрпақ, кемел қазақ - Мәңгілік елдің иесі.

М.Б.САБЫР,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Көңіл айту!

Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және Өкілетті елшісі, саясаттану ғылымдарының докторы, мемлекет және қоғам қайраткері, университетіміздің түлегі Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы БҚМУ профессоры Фартушина Мария Максимовнаның қайтыс болуына орай туған-туысқандары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ
ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ
ЕЛШІСІ



ЧРЕЗВЫЧАЙНЫЙ
И ПОЛНОМОЧНЫЙ ПОСОЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Западно-Казахстанский
государственный университет
имени М. Утемисова

С прискорбием воспринял весть о постигшей тяжелой утрате – кончине Фартушиной Марии Максимовны. Приношу ее родным и близким свои глубокие соболезнования.

Всю свою жизнь она посвятила педагогической деятельности. Ее научные разработки легли в основу решения ряда экологических проблем Западного Казахстана.

С особой теплотой я вспоминаю наши студенческие годы, занятия и доброе общение с Марией Максимовной на протяжении этих лет.

Своими глубокими знаниями, учительским талантом, научными исследованиями она внесла весомый вклад в развитие Западно-Казахстанского государственного университета имени М. Утемисова.

Светлая память о Марии Максимовне Фартушиной останется в наших сердцах.

Иманғали Тасмағамбетов

15 января 2019 года

Мерейлі 80 Жас



3 қаңтар күні университет ректоры Нұрлан Серғалиев ардагер ұстаз Темірболат Құбашевты арнайы қабылдап, 80 жылдық мерейтойымен құттықтады.

– Сіз Қазақстан Республикасының білім беру ісі мен спорт саласына толағай үлес қосқан, өресі биік, өрісі кең ұстаз әрі талантты педагог, білікті ұйымдастырушы ретінде өңірімізге танымал тұлғасыз. Сіз жетекшілік етіп баулыған шәкірттеріңіздің бірқатары білім беру мен спорт саласының мақтаныштарына айналып отырғанын ізгі ниетпен айта аламыз. Сіздің қажырлы еңбегіңіздің нәтижесінде бокспен жаттығып жүрген спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарда жоғарғы табыстарға қол жеткізіп, өлкемізде осы спорттың мәртебесін асыруға зор септігін тигізіп келеді. Соңғы отыз үш жылда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент лауазымдарында қызмет етіп, оқытудың барлық мақсаттары мен міндеттерін

жүзеге асыруға бағытталған 30-дан астам оқу-әдістемелік құралдарын шығарып, студенттің кәсіби біліміне бағдарлама жүргізуге арналған әдістемелік ұсынбалар дайындап, қажырлы еңбек етіп келесіз. Асқақ абырой биігімен жеткен мерейлі 80 жасыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық тілеп, отбасыңызда бақ-дәулет,



амандық пен шаттық салтанат құрып, ұзақ ғұмыр сүруіңізге шынайы тілектестік білдіреміз, – деп университет ректоры тілегін білдірді. Мерейтой иесі де университет басшылығына көрсеткен қолдау мен зор құрметтері үшін өз ризашылығын білдірді. Мерейтойлық құттықтау педагогикалық факультеті мен ардагер ұстазымыздың бүгінде қызмет атқаратын дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен өткізген танымдық кешке ұласты.

Темірболат Құбашев – 1939 жылы 2 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы Сырым ауылында дүниеге келген. Ол Қазақстан Магнитогорск тау-кен металлургиялық комбинатында жұмыс істейтін Челябинск металлургия зауытындағы №2 Қарағанды техникалық училищесінде комсомол бағыты бойынша мектепті (1958) бірінші болып аяқтағандардың қатарында болды. Ол 1960 жылдың 3 шілдесінде бірінші домна пештің ашылуына қатысқандардың бірі. Содан кейін Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен танысқан. Үш жыл бойы ол Магнитогорск қаласында жұмыс істеп, 1962 жылы Алматы дене шынықтыру институтына түскен. 1966 жылы Атырау

қаласындағы Дене шынықтыру және спорт институтын бітіріп, сол оқу ордасында 1970 жылға дейін жұмыс істейді.

Соңғы отыз сегіз жылда Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарды. Темірболат Құбашев 2009-2012 жж. қала әкімінің штаттан тыс кеңесшісі. 2006 жылдан 2010 жылға дейін - «Ақ Орда» республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан филиалының атқарушы директоры. 1998-2004 жылдары облыстық туристік-спорт кешенінде аймақтағы бірқатар жаһандық бәсекеге қабілетті спортшылардың пайда болуына елеулі үлес қосып, жоғары лауазымды тұлғаның міндеттерін орындайды. 1991-1995 жылдары бөлім басшысы болады.

Осы жылдардағы жетістіктерді оның студенттері қорытындылайды. Олардың ішінде Марат Оразалиевич Даубаев, Татьяна Ивановна Клименко, Болат Укасович Альмуханов, кандидаттық диссертацияларын қорғады. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұбаншұқали Жәрдемөв пен Қамеш Исмагулов педагогика саласындағы ПАК-тың доценті атағын алды.

Т.Құбашев жалпы білім беру тапсырмаларын орындауға арналған 30-дан астам оқу құралдары жариялады.

Студенттерді кәсіптік даярлау бағдарламасы бойынша «Дене шынықтыру тарихы», «Спорттық медицина», «Медициналық-педагогикалық бақылау», «Оқу-тәрбиелеу іс-қимылында қаңылтыр мен ұлттық ойындарды қолдану». «Жастарды дене тәрбиесі арқылы зиянды әрекеттерден қорғау». және т.б. әдістемелік ұсынымдары шықты. Ол біздің еліміздегі, аймақтағы білім беруді дамытудағы қазақстандық ғылымның дамуына лайықты үлес қосқан, қазіргі заманғы қоғамдағы ең танымал оқу орындарының бірі ретінде университеттің беделіне және имиджіне лайықты үлес қосқан тұлға.

Облыстағы бокстың негізін қалаушы әрі көшбасшысы Құбашев Темірболат, жастардың арасында бұл спорттың кең таралуына үлкен үлес қосты. Оның еңбегінің арқасында боксшы спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарда үлкен жетістіктерге жетті, бұл елдегі спорттың дамуына септігін тигізді. 2 әдемі қыз тәрбиеледі. Құбашев Темірболат – әр түлектің табыстылығының тамаша үлгісі.

Құттықтау!

**ҚҰРМЕТТІ
Бекбаев Сатыбалды Шамранұлы!**

Сізді 65 жас мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Біз Сізді Қазақстандағы ғылым мен білімнің дамуына лайықты үлес қосқан тамаша оқытушы, тәжірибелі педагог-әдіскер, көптеген оқу-әдістемелік құралдарының авторы ретінде білеміз.

Сізді керемет әріптес, аймақтағы самбоның негізін қалаушы және көшбасшы, өте көп спортшыларды дайындаған тамаша жаттықтырушы ретінде бағалаймыз және құрметтейміз. Сіздің еңбегіңізге таңғаламыз, соның арқасында самбошылар әртүрлі деңгейдегі жарыстарда үлкен табыстарға қол жеткізді.

Сатыбалды Шамранұлы, біз Сізге шын жүректен зор денсаулық, отбасылық бақыт және ұзақ мағыналы ғұмыр тілейміз.

Ізгі тілекпен: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі кафедрасының әріптестері.

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.
Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ,
Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА,
Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Айзада ДЮСЕНОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46